



№103 (9886)
27 желтоқсан,
сейсенбі
2022 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Ел жаңалықтары

Бағдарлама қайта іске қосылады

Қазақстанның Даму Банкі қаңтар айынан бастап жеңілдетілген автосиелер қайта берілетінін хабарлады. Яғни 2023 жылдан бастап Қазақстанда жеңілдікті автокредиттеу бағдарламаларының операторлары «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ барлық қолданыстағы бағдарламалар бойынша шарттар біріздендірілетінін мәлімдеді.



«Қазір бағдарламаларға қатысатын екінші деңгейлі банктер қолданыстағы кредиттерді өтеуден түсетін төлемдерді жинақтау процесін жүзеге асырып жатыр. Револьверлік тетік негізінде жеңілдікті қарыздар беруді бастау 2023 жылғы қаңтардың екінші жартысында күтіледі. Іске қосу күніне екі бағдарлама бойынша жинақталған қаражат көлемі шамамен 13 млрд теңгені құрайды, бұл кемінде 1300 жаңа автокредит беруге мүмкіндік береді. Болашақта револьверлік әдіспен жинақталған қаражатты бөлу ай сайын іске асыру жоспарланған», делінген ҚДБ хабарламасында.

Еске сала кетсек, 2015 жылдан бастап ҚДБ арқылы жеңілдікті автосиелену бағдарламасына 82 млрд теңге бөлінген. Револьверлік тетікті пайдаланудың арқасында бұл қаражат есебінен жалпы сомасы 176 млрд теңгеге 32 мыңнан астам қарыз берілді. Ал Өнеркәсіпті дамыту қоры 2022 жылдың мамыр айында жеңілдетілген автосиелену бағдарламасына 100 млрд теңге бөлінген. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл қаражатқа 14 мыңнан астам несие мақұлданды, оның ішінде 12,5 мыңнан астам жаңа келік берілді. Осылайша, автосиеленің орташа мөлшері 7,8 млн теңгені құрады.

Бұл ретте бағдарламаларға Halyk Bank, Forte-Bank, Банк ЦентрКредит және Еуразиялық Банк қатысады.

“ЖК” ақпарат

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрде.

Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейсіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылорданың вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылорданың вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!



Шырша шамы жағылды

Барыс жылына өкпе жоқ. Бұл жылды жалағаштықтардың жақсы нәтижемен қорытындылағанына біріміз күйміз. Ауданда жарқын жобалар жүзеге асып, елдің талап-тілегі ескерілді. Ауыз су, аяқ су, көгілдір отын, электр жарығы, жол сапасы, әлеуметтік нысандарға қатысты бірқатар мәселелер шешімін тапты. Бұйырғас, келер жылы дәл осы мақсатқа жұмыс жасалатыны тағы да анық. Тәуелсіздік мерекесінің өткені кеше ғана сияқты еді. Өткен аптаның сенбісінде орталық алаңдағы биіктігі 11,5 метрді құрайтын шырша шамы жағылып, жалағаштықтар Жаңа жыл мерекесін тойлауды бастап кетті.

Шарада аудан әкімі Асқарбек Есжанов жарқын жобалар жалғасын табады. Жаңа жыл баршаңызға құтты болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, аймағымыз, ауданымыз дамудың даңғыл жолына түсіп, экономикамыз өркендей берсін, – деді аудан басшысы.

Орталық алаңда орналасқан бас шыршаны жағу мәртебесі аудан мақтаныштары, Астана қаласында өткен қазақ күресінен жастар арасында әлем чемпионының жеңімпазы Теміржан Русланұлы мен өрт шыққан үйден өзінің 1, 3, 4 жастағы бауырларын аман алып шығып, ерлігімен республикалық жас патриоттар форумында «Жылдың жас патриоты» номинациясымен марапатталған Аққұм ауылындағы №38 орта мектептің 1 сынып оқушысы Бахыт Мерейге табысталды. Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Иә, Асқарбек Темірбекұлы айтқандай, биыл Жалағашта біршама мәселе шешімін тапты. Кешегі елді мекендер халқымен аудан әкімінің кездесуінде біз де болдық. Осыған дейін Жалағашта жүзеге асқан жобаларға сол кездесуде халық көтерген мәселелердің арқау болғаны қуанып отыр. Келер жылы да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табатынына сенеміз. Тіпті ауданды дамытуға бағытталған біршама жобалар бүгінде қолдау тауып қойған. Ал мұның артында үлкен еңбек жатқаны айтпаса да белгілі.

Президент биыл Үкіметтің кезекті кеңейтілген отырысында елді мекендерде жол сапасына мән беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мейлінше жағдай жасау қажеттігін қаперге салған. Бұл бағытта да Жалағашта жемісті жобалар қолға алынды.

Биыл ауданда жалпы құны 2 млрд 659 млн теңгені құрайтын 30 жоба қолға

алынған. Оның ішінде 1 млрд 23 млн теңгеге ауыз су желілеріне қатысты 4 жоба жүзеге асса, жол құрылысына қатысты 9 жоба қолға алынып, бұл бағытта 760,9 млн теңге қаралған. Оның ішінде 7 көше күрделі жөндеуден өтсе, кенттегі 2 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2022 жылы ауданда елді мекендер арасын жалғайтын жолдардың да сапасына мән берілгенін жақсы білеміз. Мәселен, Бұқарбай батыр ауылына кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары аяқталса, Жаңадария бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жол құрылысының қарқын алғанының арқасында аудандағы жолдардың үлесі 93 пайызға жеткен.

Әлеуметтік салаға келсек, желтоқсан айына дейін ауданда 1 982 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 724-і тұрақты, ал 1258-і маусымдық.

Жалпы барыс жылында жүзеге асқан жобалар легі мұнымен бітпейді. Бастысы, келер жылы да бұл бағыттағы жұмыстардың жалғасын табатыны қуанып отыр.

Ерлан ӘНУАРУЛЫ

Брифинг

Арудың алдын алған абзал

Тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекция әдетте күзгі қолайсыз ауа райы мен қыстың салқынында қозып, ауру тез тарай бастайды. Ауру жұқтырған адамда жөтел, жалпы әлсіздік, дене қызуының көтерілуі байқалады. Тұмау және ЖРВИ жоғары тыныс жолдарының зақымдануымен және ағзаның улануымен сипатталады. Ауданда БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасының басшысы Оразғали Аханов осылай деді.



Оразғали Мәделханұлы бүгінгі таңда ЖРВИ қоздырушы 200-ден аса вирустың түрі (парагрипп, тұмау вирусы, аденовирус, риновирус, энтеровирус және т.б.) бар екенін айтады. Оның сөзінше, ауру тыныс жолдарын, жүйке жүйесін, құлақ және басқа да ағзаларды зақымдауымен қауіпті көрінеді.

Балалар арасындағы сырқаттану ересек адамдарға қарағанда 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр жағдайда өтіп, асқинулар туындауы да өбден мүмкін. Иммунитеті өлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық қалыптаспағандықтан балаларда асқину жағдайлары жиі кездеседі. Осы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар мекемесі және мектепке баратын балалар арасында жоғары болады екен. Себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады. Сондықтан ауданның бас санитары мейлінше оның алдын алуға шақырады.

– Жіті респираторлық вирустық инфекциясы мен тұмау – әлемдегі ең өзекті медициналық, әлеуметтік, экономикалық мәселенің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сәйкес, жыл сайын әлемде 3-5 млн-ға жуық адам тұмаудың ауыр түріне шалдығып, 250-500 мың адам көз жұмады екен. Индет көбінесе 5 жасқа дейінгі балалар мен егде жастағы (65 жастан асқан) азаматтарда

тіркеледі. Соның ішінде тұмау түрлі вирус салдарынан жоғары тыныс жолдарының зақымдануымен және ағзаның улануымен сипатталады.

ЖРВИ мен тұмауды емдеудің өз ерекшеліктері бар. Сондықтан уақытылы дәрігерге жүгіну қажет. Екпе жасау тұмаудың алдын алудағы анағұрлым тиімді әдіс болып табылады. Жыл бойы ағзаны нығайту, әсіресе күз бен қыстағы инфекцияның өршу алдында қорғаушы иммунитетті нығайту керек. Аурудың алдын алу үшін, ағзаның вирустарға қарсы тұруы үшін салауатты өмір салтын ұстану, бетперде тағу, қоғамдық орындарға барған соң қолды тазалап жуу, жөтел кезінде ауызды жабу, ғимаратты жиі тазалау мен желдету сынды санитарлық-гигиеналық режимді ұстану жатады. Бетпердені ауырған адам да, қасындағы азаматтар да тағуы тиіс. Көкніс, жеміс-жидек немесе құрамында жеткілікті дәрумендер бар басқа өнімдерді, әсіресе аскорбин қышқылын пайдалану керек. Адам көп шоғырланған орындарға бармауға, мүмкіндігінше қоғамдық көлікпен емес, жаяу жүруге тырысыңыз. Жөтел мен түшкіру кезінде вирус 10 метр қашықтықтан да таралатынын есте сақтаңыз, – деді ол.

Сликер тұмаудың өршуі кезінде вирустан қорғандық маңызды компоненттерін, атап айтқанда, дәруменге бай азық-түлікті пайдалану, қажетті

мөлшерде су ішу мен тынығу қажет екенін айтады. Дәрігердің кеңесіне құлақ ассақ, тұмаудан сақтану салқын тигеннен босатын аурудың алдын алу мәзірлік тұмау індеті кездесуде ғана емес, азаматтар еркіннен өз денсаулығына күтіммен қараған уақытта ғана нәтижелі жүзеге асатынын қаперге салды. Сонымен қатар тиімді тамақтану, саламатты өмір салтын ұстану, ағзаны шынықтыру мен спортпен айналысу ағзаның иммунитетін көтеретіні айтылды.

Жыныс соңында журналистердің сауалына жауап берген бөлім басшысы өз сөзін «Өз өміріңізде, денсаулығыңызды және жақындарыңыздың денсаулығын бағалаңыз! Дәрігердің нұсқауынсыз дәрі-дәрмектерді қолдануға асықпаңыз! Денсаулығыңызға жауапкершілікпен қараңыз» деп қорытындылады.

Айта кетейік, ауру сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы да тез жұғады. Тұмаудың алғашқы белгілерінде дене қызуы 40 градусқа дейін көтеріліп, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің, бастың ауыруы, тамақтың жыбырлап ауырсынуы, жөтелу, мұрынның бітелуі байқалады. Осыдан адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады.

Тұмау 5-10 күнге дейін созылады. Осы кезде дер кезінде емделмесе ауру асқинуы мүмкін. Ал асқынған ауру өкпе қабынуына, отит, гайморит кеселдеріне алып келеді.

Сол себепті аурудың алғашқы белгілері байқалысымен дер кезінде медициналық көмекке жүгінуіңізді маңызды зор.

Тұмау және ЖРВИ-дың алдын алудың сенімді жолы ол тұмауға қарсы өкпе салдыру болып табылады. Сонымен қатар аурудың алдын алу үшін жеке бас тазалығын сақтап, белсенді салауатты өмір салтын ұстану да көп көмектеседі. Үйдің, бөлме, кабинеттердің ауасын жиі желдетіп тұру қажет. Күнделікті көкніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ жеу керек. Дене шынықтырумен, спортпен айналысып, ағзаны шынықтыру өте пайдалы.

Аталған дерт асқынатын маусымда адам көп шоғырланған орындарға бармауға, мүмкіндігінше қоғамдық көлікпен емес, жаяу жүрген дұрыс. Сонымен қатар жылы киім киініп жүрген абзал. Мұрын қуысына «Осколин» майын жақсаңыз көмегі жақсы. Ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сау адам да пайдалана алады. Ал ауыра қалған жағдайда үйде болған дұрыс. Тесек режимін сақтаудың да маңызы зор екен. Бөлмені күніне екі рет таза ауамен желдеткен абзал. Мұрыннан су аққанда, жөтелгенде медициналық бетперде киген жөн. Мамандар көп мөлшерде суық, шай, шыршын түрінде сұйықты көп ішуге кеңес береді. Дәрігердің кеңесіне үнемі құлақ асқан жөн.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Аңызға айналған Алматы апорты

Әр жеміс-жидектің дәмінен бөлек, өзіне тән алуан түрлі табиғи иісі болады. Бала күнімізде Алматыға қыдырып қайтқан әке-шешелеріміз бен аға-апаларымыз есіктен енген бойда-ақ үйдің ішін ғаламат хош иіс жайлап кететін. Бұл – Алматыдан келген жол сөмкелерде жатқан алманың иісі. Ол кезде Алматыға қыдырып барғандардың ауылға әкелетін базарлығы да және алматылықтардың өздеріне барған қонақтарына ұсынатын ең құнды кәдесыйы да – осы апорт алмасы еді.



Әрқайсысы қозының басындай болатын алқызыл апорттардың үлкендігі сондай, біреуін екі бала бөліп жесе, көпкір атып қалушы едік. Кейде шешеміз сырттағы нөмерлеріне ауыз тигіземін деп балаларынан ауысқан алмаларды біздің бойымыз да, ойымыз да жетпейтін жерге тығып тастайтын. Бірақ, оны біз іскеп жүріп тауып алушы едік. Алманың бұл түрі өте кеш пісетін болғандықтан жақсы сақталады екен. Бірде көрші апамыз қысқа таяу Алматыдан келген бір қап апортты сақтамқа болып, албарда жиналып тұрған шөмеле шөптің арасына жасырады. Апорттың жұпар иісі қорадағы бұзаудың танауын жарады, иіс сезу мүшесі жақсы жетілген жануар шөптің арасына тұмысығын тығып тауып алады. Оны сол үйдің мал жайлап жүрген кенже баласы көреді. Сөйтіп не керек, көрші апамыздың қысқа деп сақтаған бір қап алмасынан бір түйір де қалмапты...

Алатаудың баурайында өсетін апорт алмасының тарихы тым тереңде. Бір деректерде апорттың көшетін Қытайдан әкеліп екен деп жазылады. Бірақ, зерттеушілер ол деректі жоққа шығарды. 1865 жылы Воронеж ж губерниясының тұрғыны Е.Редько Қазақстанға көшіп келгенде өзімен бірге алма ағашының көшетін ала келіп, Верный округінде өсіріпті. Оны кейін Сиверс алмасымен бұдандастырады. Содан соң-ақ бұл алма сұрпының атағы әлемге жайыла бастайды. Алайда, бір деректерде алманың бұл сورتы әлімсақтан, нақтырақ айтсақ, 5 миллион жыл бұрын Іле Алатауында өскенін оқуға болады. Апорттың арғы атасы – жабайы алма екенін және жер бетінде өскен алғашқы жабайы алмалар осыдан 50 миллион жыл бұрын тек қана Қазақстанда, соның ішінде Іле Алатауында өскенін шетел ғалымдары да өз зерттеулерінің нәтижесінде дәлелдеп отыр. Демек, алма ағашы өлемнің түпкір-түпкіріне біздің елімізден таралған деген сенімді байлам жасай беруге әбден болады. Бұған Алматының өу бастағы атауы Алмалы болғаны да қосымша дәлел.

Сөйтіп, апорт мыңдаған жылдар салып, өз топырағын қайта табады. 1913 жылы Ресейді 300 жыл бойы мызғаймай билеген Романовтар әулетінде мерейтой болады. Сол тойға Қазақстаннан арнайы шақырылған топ патшаға тарту ретінде апорт алмасын апарды. Сол кезде көрген көздің жауын алатын әр апорттың салмағы 2 келіге жуық болыпты. Патшадан бастап, сарайдағы қызметшілерге дейін алманы өлшеп, үлкендігіне және хош иіс мен тіл үйірген тәтті дәміне таңғалысқан деседі.

1914 жылы бақ шаруашылығының бас инспекторы С.Перковский: «Апорт алмасы Верный қаласының көркін ашып тұр. Қазірде Верный «жемісті қала» атағына ие болды» деп жазыпты. XX ғасырдың басында апорт жәрмеңкелер мен ашық базарларға шығып, Ресейге танылды, одан соң әлем жұртшылығы атақты алманың бал дәмін татты. Мәселен, 1900 жылы Алатаудың апорты Парижде Верный уезінің үздік туындысы ретінде қарастырылып, жүлделі орынды жеңіп алса, 1908 жылы Германияда өткен Мангейм көрмесінде мамандардың жоғары бағасын алып, халықтың сұранысына ие болған.

Апорт десе, Алматы есімізге түседі. Иә, апорттың отаны – Алматы. Бір кездері бұл алқызыл алманың суреті Алматы қаласының рәмізіне де айналған. Тіпті бұл тәтті алма жүздеген тақпақтардың, өлгендердің, әңгімелердің тақырыбына арқау болды және керемет әндердің туына себепкер болды. Сол туындылар апортты емес, керісінше, апорт алмасы сол туындыларды халық арасына көңінен таратып, танымал етті.

Өткен ғасырдың ортасында Алматыда студенттік шағы өткен аға-апаларымыздың қай-қайсы да өздерінің жастық кезеңдерін аңызға айналған осы алмамен байланыстырып, сағынышты сезіммен тамсана еске алады. Ол кезде таудан сырдырап құлаған таза, мөлдір бұлақтардың аяғы жылғаға айналып, қала көшелерін бойлап ағады екен. Тұмса табиғаттың құшағында

орналасқан әсем қаланың көшелерінде алма ағаштары қалың өсіпті. Көктемде гүлдегенде де, күзде піскенде де хош иісі ауаға тарап, танауыңды қытықтап, жаныңды ерекше сезімге бөлейді екен. Одан бөлек, студенттерді қала сыртына, Іле Алатауының баурайындағы ғажайып баққа алма теруге жібереді. Ағаш басындағы албырап тұрған алқызыл алмалар тау болып үйіліп, ағаш жәшікке жиналады, одан соң сұрыпталып, өлемнің түпкір-түпкіріне жол тартады.

Токсаныншы жылдары Алатаудың етегіндегі табиғи жолмен өсіп шыққан апорт алманың алқабын бір шеңеунік өзіне жекешелендіріп алып, алма ағаштарын қопарғыш техникамен түбірімен күтел отап, орнын тегістеп, құрылыс нысандарын салды дегенді естігенде жаным түршіккен. Соның салдарынан бүгінде апорт нарықтан жоғалды. Апорт – бізге берген табиғаттың баға жетпес сый еді. Бірақ, біз оның қадірін, құнын білмедік...

Айтпақшы, осыдан бірер жыл бұрын Жаңаталап ауылындағы Бағбан Балбыров Жамбыл ақсақалдың үйіне барғанда баласы бағының ішіндегі бітімі ерекшеліуі бір ағашты көрсетіп, апорт алмасы екенін айтқан. Ол кісінің айтуынша, Жамбыл ағамыз Алматыдан арнайы апорт алманың біздің топыраққа жерісетін сұрпынан бес-алты келі әкеліп, тізі тигізбей бүтін күйінде көміп тастапты. Содан өсіп шыққан ағаш бүгінде жеміс беріп тұрған көрінеді.

Біздің қазіргі күнделікті тұтынатын жүрген азық-түліміздің тоқсан пайызы жасанды жолмен өндіріліп жатыр. Экологиялық таза өнім деп айтатын күріш дақылдың өзі пісіп, жетілемін дегенше бірнеше мөрте тыңайтқыштар беріледі және олардың құрамында адам ағзасына қауіпті химиялық қоспалар бар. Ал базарлар мен сауда орталықтарынан сатып алатын жеміс-жидектеріміздің дерлік бәрі ГМО. Ғылым тілімен айтсақ, гендік модификацияланған ағзалар. Яғни бір ағзаның геніне бөтен ағзаны өңгізу арқылы өзгертілген азық-түлік өнімдері.

Әр салада ізін басып келе жатқан жас буынға көрген-білгенің, жиған тәжірибесің үйретіп, шәкірт тәрбиелеп, өзіндей білікті кадр қалыптастыру жолында қажырлы еңбек еткен жандар болады. Мұндай жандар есепі еңбек ету арқылы өз саласының дамуына да үлесін қосып жатады. Шүкір ғой, Жалағаш топырағы да мұндай перзенттерге кенде болған емес.

Байланыс саласына еңбегі сіңген



Әр саланың қызметі ел дамуына, экономикасына, халықтың әлеуетіне әсер етеді десек, оның ішінде байланыс саласының қоғамдағы апар орны ерекше. Алыс пен жақынды, аспан мен жерді жалғайтын байланыс қызметі қай кезеңде де үздіксіз жұмыс істеп келеді. Сонау ертеректе маңызды хабар жау жүргізілсе немесе салт атты кісі арқылы, тіпті кейде дабыл, қада белгілер арқылы білдірілгені белгілі. Кейіннен қоғамдағы өзгерістер мен дамуға, жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты жетіліп отырды. Бұрынғы жау жүргізілген айтылатын хабарды он сегізінші ғасырларда мүмкіндігі шектеулі телеграфтар арқылы, он тоғызыншы ғасырда сым бойымен тез баратын телеграф аппараттары пайда бола бастады. Жылдан жылға, ғасырдан ғасырға осындай байланыс түрлері дами берді, түрлі аппараттар көбірек пайда болып, адамзаттың игілігіне жарал тұрды. Бұл аппараттардан соң пошта байланыс қызметі іске қосылып, пошта арқылы хат, газет-журнал сынды сөздемелерді жеткізу мүмкіндігі болды. Бұл замандағы қоғамға өте тиімді, әрі сапалы қызмет көрсетіп, көптеген байланыс құралдарының орнын басты. Байланыс қызметі, яғни пошта қызметінің іске қосылуы жер-жерде адамдарды жұмысқа тарту арқылы жұмыссыздық мәселесіне де оң ықпалын тигізді деуге болады. Сол тұстарда жастық жалынның саналы ғұмырын байланыс саласында сарп еткен бүгінгі кейіпкеріміздің өмір жолы кейінгіге үлгі деуге болады.

Байланыс саласында ұзақ жылдар қызмет еткен Райхан Ахметова апамыз да зейнет жасына жетіп, абыроймен еңбек демалысына шыққан жан. 1949 жылы 8 маусымда Жалағаш кентінде дүниеге келген ол 1957 жылы №123 мектеп-лицейінің табалдырығын аттап, 1966 жылы 10 сыныпты бітіріп шыққан. 1967 жылы Алматы технологиялық институтына түсіп, 1973 инженер-технолог мамандығын алып шығады. Мамандығы бойынша Жалағаш астық қабылдау пунктінде, қазіргі элеваторда алғашқы еңбек жолын аға лаборант болып бастаған. Еңбекте озат болғаны үшін, КПСС-ке мүше атанып, үлкен жүйелі жұмыстардың да басы-қасында жүрген. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, еңбегі өлеңіп, 1974 жылы Болгария еліне туристік сапармен барып қайтқан екен.

Осынша жауапты істерді арқалап жүрген Райхан апамыздың байланыс саласына келуі тұрмысқа шығуымен тікелей байланысты болыпты. Тұрмысқа шыққан соң, 1975 жылы Жаңадария елді мекеніне қоныс аударып, осы елді мекенде балабақша меңгерушісі болып жұмыс істейді. Өмірлік жолдасы Аманкелді Ахметов те Ауыл шаруашылығы институтында ғалым-зоотехник деген мамандық алып шыққан білікті азамат еді. Көзі ашық, көкірегі ояу азамат өмірлік жарының да тек тұрмыс аясында қалып қоймай, қоғаммен етене араласуына қарсы болмайды. Осылайша ауылға қоныс аударып келісін, жоғарыда айтқанымыздай балабақшаға меңгеруші болады. Одан кейін совхозда аға диспетчер, сонан соң ауылдағы байланыс бөлімінде ұзақ жылдар қызмет етеді. Байланыс саласындағы 40 жыл тынымсыз еңбектен соң зейнетке шығады. Осынша уақыт еңбек жолында облыс деңгейіне дейін алыс хаттарға ие болады. Райхан апамыз саналы ғұмырында ауылдық советке депутат та болған.

Бір кездері адамзат үшін игі істерді атқарған, аса маңызды саналған пошта қызметінің білікті маманы, көнекөз кісілерді тірі тарих дейміз. Қазіргі сымсыз құрылғылар мен әлеуметтік желі, ғаламтор салтанат құрған заманда кезіндегі пошта қызметінен бүгінгі күнге қалай жеткеніміз, осы саланың қалай дамығаны маңызды. Өйткені өткенді білмей, келешекке қадам басу бабалар алдында да, көнекің біз алдыңғы бұйым алдында да бір парыз дейміз.

Қаңша жыл қажырлы еңбек еткен Райхан апамыз бен Аманкелді ағамыздың отау құрғанына биыл 50 жыл. Шекесі торсықтай үш ұл мен алтын асықтай бір қызды тәрбиелеп, құтты орнына қондырып, ұлдарын бір-бір шаңырақ месі атандырған ата-ананың өнегелі өмірі артындағы ұрпақтары үшін үлгі болып қала бермек.

Нұр НАУАН

Хабарландыру

2023 жылы 18 қаңтарда сағат 10.00-де «Байтабын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және сенімді басқарудағы «Байтабын», «Табанкөл» фермер қожалықтары, «Сенім», «Ынтымақ» шаруа қожалықтары құрылтайшыларының жалпы жиналысы болатынын хабарлаймыз.

Күн тәртібінде:
1. «Байтабын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және сенімді басқарудағы шаруашылықтарының 2022 жылы атқарылған жұмыстарының қорытынды есебі.

2. 2023 жылы басқа құрылымдарға ауысатын үлескерлердің жерін бөліп беру туралы.
Мекен-жайы Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылы Бұқарбай батыр көшесінде орналасқан ауылдық мәдениет үйі.

«Байтабын» ЖШС өкімшілігі

Жемқорлықпен күрес бәрінен маңызды

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтың түрлерін, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Расмын сыбайлас жемқорлықпен күресу біздің елде де бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын өлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сондықтан дертті деңдетпейде тек мемлекетке артып қоймай, жер-жерде алдын алу шараларын, оның ежелер зардабын кенінен түсіндіру жұмыстары толастамалуы керек. Өйткені жемқорлықпен күресу қоғам үшін ортақ міндет.

Осынғы ізмен жуырда аудан өкімінің төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аудандық комиссия отырысы өтті. Басқосуға комиссия мүшелері, кент және ауыл өкімдері, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімімен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға атқарылған жұмыстар туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов, «Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға атқарылған жұмыстар туралы» Бұқарбай батыр ауылдық округінің өкімі Сағат Байділдаев баяндаса, ал Аққыр ауылдық округінің өкімі Жанабек Матаев аталған елді мекенде осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға шолу жасады.

«Біз қазір осы дертпен күрес жолында әсіресе өскелең ұрпақтың дұрыс бағытта қалыптасуына күш жұмсаудамыз. Бұл орынды, әрине. Өйткені келешекті тірегі, біздің жалғасымыз осы бүгінгі ұрпақ, жас бұын. Олардың жасөспірім кезінен бастап, тіпті оңды-солын тани бастағаннан адалдық



ұғымын таным-түсігіміз сөзінің, біліп өсуі керек. Санасына қандай әсер қалдырсақ, қалай бағыт-бағдар берсек солай қарай ікметделетіні анық. Ал қоғамда көрініс тауып отырған жемқорлықты түбегейлі жою қазіргі сәтте мүмкін болмағанымен, алайда оны азайтуға тиіспіз. Бұл дертпен күресте қазақстандықтардың бірдей аталысуы маңызды. Өйткені қоғамдағы екіұдайлы пікір қай кезде де мемлекеттің алға басуына кедергі келтіріп, дамудың баспалдағына іліге алмаймыз» деген

Қуат АДИС

«ЖЖ» ақпарат

Қауіпсіздік қаперден шықпасын

Тоқ көзіне қосұлы қалған үтік, баланың қолына түскен шырпы, бейсауат лақтырылған темекі тұқылы қандай жағдайға соқтыратыны айтпаса да белгілі. Біле тұра осы жаман әдеттен арыла алмай келеміз. Елеусіз көрінген нәрсең соңы орны толмас қайғыға соқтыруы мүмкін. Ал ескертпе мен кеңестің ешқашанда артығы болмайды.



Үшін қолдан жасалған жылытқыш қондырғыларды пайдаланбаңыз. Зауытта жасалған сақтандырғыштың орнына қолдан жасалған сақтандырғыштарды, колибеленбеген балқытын қосқыштарды пайдалану қауіпті, бұл жағдайда өрттің шығуынан құтыла алмайсыз.

Электр желілерінің өртенуі көбінесе шамадан тыс күш түсуінен, үлкен ауыспалы кедергілерден, қысқа тұйықталулардан, ұшқындардан болады. Бір уақытта электр желіге қуаттылығы күшті бірнеше элетр

құралдарын қосу оның жүгі шамадан тыс болуына әкелетінін есіңізде сақтаңыз. Қосылған үтіктер, элетр шөйнектер мен тағы басқа тұрмыстық элетр жылыту құралдарды жанбайтын орындарға орнату қажет.

Электр құралдарын қосұлы күйде балаларға тапсырып тастап кетуге болмайды. Үйден шығарда желіге қосылған электр құралдарды суырып тастаңыз. Жеке қауіпсіздік үшін де электр шеберін шақырып, кемшіліктерді жойған абзал. Қисайған, жапырылып немесе күрмеліп жатқан, сондай-ақ оларды шегелеу элетр сымдардың оқшаулануына зақым келтіреді, сондықтан мұны жасауға тиімді салынады. Оттан абай болыңыз. Өз үйіңізді және мүлкіңізді өрттен сақтаңыз. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – үйіңізді бөреке мен тыныштықтың кәлігі. Өз үйіңізді өрттен қорғай біліңіз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырман назарына ұсынған. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдеріне де кезек келді. Бұл тартуымыздың жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!

Мемлекеттің нышаны

Егемен елмін еңші алған,
Бар әлем танып, қарасын!
Әнұраң, көк Ту, Елтаңбам –
Ұлтымның анықтамасын.

Әнұраным – айбарым,
Елтаңбам – ұлттың ғұмыры.
Желбіреді Байрағым,
Туған жер оның тұғыры.



Хайуанаттар бағында

Күтіп еді зарыға,
Келді сәті қандай дәл!
Хайуанаттар бағына,
Әкесімен барды Айбар.

Бұл не деген ғажап бақ,
Осында жүр бар халық,
Келеді Айбар алақтап,
Қорқып әрі таңданып.

Таңғажайып бұл бақта,
Аңдардың жүр түр-түрі.
Және құстар түр қаптап,
Қорқынышты, күлкілі.

Білмей әлек маймылды,
Ұқсатарын кімге дәл
Арыстан бар айбынды,
Зебра, жираф, піл де бар.

Жүріп келген жолды алыс,
Аю, қасқыр, түлкі бар.
Тарғыл тонды жолбарыс,
Торға сиймай бұлқынар.

Қолтырауын, бегемот,
Адам шошыр тісінен.
«Аңдар мұнша неге көп?»
Деп ойлады ішінен.

Өткізген-ау сан айдды,
Үзілер ме енді үміт?
Тек сыртқа қарайды,
Тор темірден телміріп.

Тұрғандай ма күн санап,
Торда күтіп таңдарды.
Өзі қорқып тұрса да,
Аяды Айбар аңдарды.

– Обал ғой бұл, әрине,
Тұрғанымен басы аман.
Қамайтындай тор үйге,
Қандай кіне жасаған?

Шығарған бұл заңды кім?
Тыңдамай-ақ Жарлығын.
Босатайық әкетай,
Мына аңдардың барлығын!

– Дұрыс балам сөзің бұл,
Білгенің жөн алайда.
Мейірбандық сөзімді,
Таба алмай жүр талай жан.


Алғыс айтар ол аңдар,
Күткенімен тор алдан.
Осы аңдардың кей түрі,
Түзде жүріп жоғалған.

Сондықтан да ешқашаң,
Сатылмайды бұл аңдар.
Сондықтан да ешқашаң,
Атылмайды бұл аңдар.

Мәселе көп алаңдар,
Дамығанмен қарыштап.
Табиғаттан адамдар,
Бара жатыр алыстап.

Біз көрмеген бар аңдар,
Естігенмен атын көп.
Сондықтан да адамдар,
Танысады жақын көп.

Жолда жүріп көп апта,
Келді бұлар қонаққа.
Табиғат пен адамдар,
Табысады зообақта.



Менің Отаным

Ғасырлардан жаңғырған,
Бабаларым қалдырған.
Ат тұяғын тоздырған,
Құс қанатын талдырған –
Ұлан-байтақ далам бар!

Сол далаға жан енді,
Салтанатты, мәнерлі.
Зәулім-зәулім сәнді үйлер,
Тамсандырған әлемді –
Сәулеті асқан қалам бар!

Шалқып жатыр шалқары,
Байлығы да бар тағы.
Төсі толған түлікке,
Дөңге толған алқабы –
Бұрыс қонған жерім бар!

Қазыналы қарты бар,
Дәстүрі мен салты бар.
Аласармас нарқы бар,
Асқақтаған даңқы бар –
Өркендеген елім бар!



Кел, түстерді түгендейік!

Шиық-шиық етіп төккен үң,
Шөжелерім көп менің.
Барлығын да тең көрем,
Өз қолымнан жем берем.

Анау шөже сиығы –
Күн мен түннен киім.
Жоқ аса бір сән-түрі,
Көмір түстес ал бірі.

Ал, мынаған таңқалма,
Отқа оранып алған ба?
Жақын жүрген қақпаға,
Ұқсайды ұлпа мақтаға.

Жып-жылы екен реңі,
Күнмен түстес біреуі.

Ал, мынада көп бедер,
Ақ пен қара нүктелер.

Болса ақылда күш-көңіл,
Айырып көр түстерін!



Жайлау

Ұқсамайсың қалаға,
Сөз жетпейді бағаңа.
Көрегенің көзіңең,
Көз жібердім далаға.

Көтерілді күн төрден,
Тау басынан бүлт өрген.
Көк пен жердің арасын,
Тұтып қойған шілтермен.

Кеңістікті мұнша аумақ,
Қалай қойған құрсаулап.
Төңірекке түр, өне,
Күн көзінен нұр саулап.

Бөктерлер де бүрленген,
Бір ғажайып түрге енген.
Кілем жайып тастапты,
Қызыл-сары гүлдерден.

Жайлауда отыр ауылым,
Ауасын-ай, тауының!
Шапқылаған құлыңшақ,
Сипатпайды сауырын.

Құс сайрайды төбемде,
Қошақан түр көгенде.
Тастан-тасқа секіріп,
Ұстатпайды «шөрем» де.

Қызықтың жоқ бір шегі,
Шектейді екен кім сені?!
Ойнақтап жүр ботақаң,
Дір-дір етіп тірсегі.

Жайлау көшін ұнатам:
Мал суғарып жүр атам.
Құлын байлап жүр өкем,
Бие сауып тұр апам.

Жайлау жақсы расында,
Бүкіл бала қасында
Құрт қайнатып жүр әжем,
Қазан-ошақ басында.

Түзге керек бір адам,
Тайға мініп жүр ағам.
Түгендейді түлікті,
Қыр басынан құлаған.

Қимасам да қаланы,
Көрсем деймін даланы.
Басталғанда қыркүйек,
Қайтқым келмей қалады.

Табиғатпен тілдескен,
Төрт түлікпен бірге өскен.
Бабамның да бабасы,
Осы жерде күн көшкен.

Жайлау жері алаң боп,
Мал суғарып жүр атам.
Құлын байлап жүр өкем,
Бие сауып тұр апам.

Жайлау жақсы расында,
Бүкіл бала қасында
Құрт қайнатып жүр әжем,
Қазан-ошақ басында.

Түзге керек бір адам,
Тайға мініп жүр ағам.
Түгендейді түлікті,
Қыр басынан құлаған.

Жаман бала

Айтатыны – өтірік,
Апатыны – екілік.
Үлкенге де, кішіге,
Тіл қатады жекіріп.

Талабы жоқ бойында,
Жүк алмайды мойынға.
Асықпайды мектепке,
Асыққандай ойынға.

Оқымайды сабақты,
Тек ойынға талапты.
Ұмытса да оқуды,
Ұмытпайды тамақты.

Бүтін емес жейдесі,
Түгел емес түймесі.
Сотқарлығы өзінің,
Түсіретін күйге осы.



Сәпен мен планшет

«Гүлденуде даламыз,
Түрленуде қаламыз.
Өркеніетке лайық,
Білім алсын баламыз». –

деп әкесі Сәпенді,
Қолдап жүрер әрдайым.
Бір планшет әперді,
Ойлап сабақ жағдайын.

«Қимылдаса қол шебер,
Боласыңдар дос өлі.
Білмейтінің болса егер,
Саған ақыл қосады».

Балақайдың соңына,
Шаттық ерді дүбірлі.
Планшетті ап қолына,
Алақайлап жүргірі.

Уәде етіп үлгерді,
Жақсарарды бағам деп.
Мен сабақтан күнде енді,
Кілең бестік алам деп.

Сөзінің жоқ қатесі,
Солай десе баласы.
Қуанбай ма әкесі,
Қуанбай ма анасы?!

«Ойыншық» екен түрі өзге,
Босатпайтын қос қолды.
Планшетпен лезде,
Тіл табысып, дос болды.

Сақта ереже, тәртібін,
Өз-өзіңе мықты бол!
Ойынның да бар түрін,
Билетін боп шықты ол.

Сабақ қалды жайында,
Кітаптары түр налып.
Шым-шытырық ойынға,
Қалды лезде шырмалып.

Шығар қалай торынаң,
Болмас па екен шектелсе?
Тастамайды қолыңаң,
Көзі ұйқыға кеткенше.

Оянып ап таңда ерте,
Планшеттің қосады.
Ата-анасы сан мәрте,
Ескерту де жасады.

«Жүру үшін дара кеп,
Білім үйрен, ал әдеп.
Тәртібінді түзе деп,
Сабағыңды қара деп».

Бірақ, оны ол ұқпайды,
Басына ақыл тұтпайды.
Ата-анасын тыңдамай,
Тек өз сөзін құптапайды.

Зауқы да жоқ тамаққа,
Жүреді өзін бос алдап.
Үлгерімі сабаққа,
Кетті лезде нашарлап.

Десек те ойын дерт емес,
Бара жатыр қайда алып?
Отырады ерте-кеш,
Планшетке байланып.

Сабақ үсті алаң боп,
Тамақ үсті алаң боп.
Отырады ол үнемі,
Бар қызықтан қалам деп.

Ертегі оқып бір уақ,
Жинамайды ойға азық.
Доп қуалап күнүзақ,
Ойнамайды бой жазып.

Еңбек өтпей жоқ баға,
Қозғалмасаң бос бәрі.
Аулада жүр топ бала –
Асыр салып достары.

Ал, бұл кіріп қуысқа,
Бірде отырар бұрышта.
Бірде үстелдің астында...
Осының дұрыс па?

Құмарлықтың жетегі,
Анық құрдым өкені.
Планшеттің «қызуы»,
Көтеріліп кетеді.

«Сөргітсеңші бойыңды,
Ойға қуат алайық.
Қойып бір сәт ойыңды,
Бірге сабақ қарайық», –

десе, Сәпен көнбейді,
Ойына әбден еліткен.
Жазуы да өнбейді,
Дәптерді аша нәліктен?

Сәтті болып қадамы ер,
Шығу үшін белеске.
Ата-анасын балалар,
Тыңдау керек емес пе?!

Планшеттің осы күң,
Босатпайтын қос қолды.
Тәртібі үшін досының,
Жүр қазірде ұялып.

Ойын сырын білді кім,
Сәпенді жүр мез қылып.
Ал, ата-ана жүр бұғиң,
Планшетті жазғырып.

Ойнамайды жарасып,
Ондай бала кімге үлгі?
Інісімен таласып,
Экранын сындырды.

Таң атқаннан қалпынша,
Ойын ойнап бастайды.
Қуат көзі сарқылса,
Керек қылмай тастайды.

Жек көреді жұрт енді,
«Сәпен деген осы ма?».
Тыңдамайтын үлкенді,
Ренжіді ол досына.

Жетесіне жетер ме,
Қанша мәрте өтінді.
Сәпенмен бекерге,
Дос болдым деп өкінді.

Қанша жүріп қасында,
Танымапты расында.
Жаман бала екенің,
Білменті ғой басында.

Озғанымен аты елден,
Өткізіпті бос күнін.
Ол ойланып Сәпенмен,
Үзді ақыры достығын.

Қылмақ керек енді не?
Соны ойланып жүр күнде.
Бір шешімге келді де,
Қашып кетті бір түнде.

Келмейді енді Сәпенге,
Берген ішкі сөрті осы.
Планшетін Сәпен де,
Таппай қалды ересті.

Оралмады ол қайтып,
Берік екен сөзіне.
Ата-анасын тыңдайтын,
Дос іздеп жүр өзіне.

